

However, besides these difficulties, some positive tendencies are also visible. Due to the work of the Terminology Commission of Kazakhstan and linguistic research centers, successful translations such as "жасанды интеллект" (artificial intelligence), "деректер бұлты" (data cloud), and "сандық экономика" (digital economy) were able to be introduced. These examples demonstrate the growing scientific potential of the Kazakh language and the progress toward standardization.

The quality of translation can be considerably improved through linguists' and IT specialists' cooperation. The course "Technical and Scientific Translation" should be included in the university curriculum, while bilingual dictionaries in the sphere of information and communication technologies should be updated. Besides, government institutions and companies should use standardized terms throughout their official documents to reinforce terminological unification.

These findings altogether point out that the translation of international terminology in telecommunications is complex but an integral process. This deals with linguistic precision as well as the scientific and technological development of the country. Translation guarantees access to information and turns the Kazakh language into a component of current scientific discourse.

A unified and understandable terminology base guarantees consistency at the professional level, therefore strengthening the development of the national language. Collaboration among linguists, translators, and IT experts will help create comprehensive glossaries and promote the Kazakh language as a modern language of technology.

References:

1. Baker, M. (2018). *In Other Words: A Coursebook on Translation*. Routledge.
2. Crystal, D. (2011). *A Dictionary of Linguistics and Phonetics*. Blackwell Publishing.
3. Commission on Language Development of the Republic of Kazakhstan. (2023). *Terminology Standards for ICT and Telecommunications*. Astana.
4. Newmark, P. (1988). *A Textbook of Translation*. Prentice Hall.
5. Abisheva, G. (2021). "Problems and Solutions of ICT Terminology in the Kazakh Language." *Journal of Language and Culture Studies*, 5(2), 33-41.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗБЕКТЕРДІҢ ТАРИХЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Ко-фен Д.К.

Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.
dinakofen68@gmail.com

Қазақтар мен өзбектердің түп-тамыры ортақ түркі тайпаларынан бастау алады. Түркі қағанаты, Қарахан мемлекеті және Шағатай ұлысы дәуірінде екі халық бір географиялық кеңістікте қатар өмір сүрді. Өзбектердің бүгінгі этникалық құрамында ежелгі қазақ руларының өкілдері бар екендігін, атап айтқанда Арғын, Найман, Қоңырат, Қаңлы, Қатаған, сондай-ақ араб тегінен шыққан Қожалар мен Сунақтардың болуы осы екі халықтың этникалық жақындығы мен тарихи сабақтастығын көрсетеді [1, 33-34 б.] «Өзбек» атауының өзінің шығу тегі Алтын Орда ханы Өзбек ханның (1312-1342) атымен байланысты. Ғалымдар бұл атаудың бастапқыда этникалық емес, Жошы ұлысының сол қанатындағы саяси бірлестікті білдіргенін бірауыздылықпен алға тартады.

XV-XVI ғғ. өзбек халқының қалыптасуы және Шайбани кезеңі.

XV ғасырдың екінші жартысындағы Жошы Ұлысының ыдырауы қазақ пен өзбек халықтарының жеке мемлекет болып бөлінуіне түрткі болды. Әбілқайыр ханның ұлысынан бөлінген топ Жәнібек пен Керейді қолдап, қазақтар атанып, өз хандығын құрды. Ал Шайбани ұрпақтарының соңынан Мауераннахрға кеткен тайпалар тобы «өзбектер» атауын сақтап қалды. Мұхаммед Шайбани хан 1500-1510 жылдары Дешті-Қыпшақ тайпаларымен (көшпелі өзбектермен) Мауераннахрға келуімен, көшпелі рулар жергілікті отырықшы түркі жұртымен араласып, біртіндеп өзбектену (сарттану) процесі жүрді. Тарихшы Т.И. Сұлтанов бұл туралы: «Өзбек» сөзі Шибан ұрпағымен бірге Мауераннахр мен Хорезм аумағына өткен тайпалардың атына айналды» деп тұжырымдайды [2, 56 б.]. Шайбани ұрпақтарының негізгі бөлігі кеткеннен кейін де, қыпшақ, найман, қоңырат тайпаларының бір бөлігі Қазақ хандығының аумағында, әсіресе Сырдария бойында қалды. Бұл рулар кейіннен қазақстандық өзбектердің этникалық негізіне енді.

Қазақ хандығы кезеңіндегі қазақ-өзбек қарым-қатынастары және қоныстану ерекшеліктері. Қазақ хандығы мен Өзбек хандықтарының қарым-қатынасы Орта Азия қалаларын алма-кезек иемденумен сипатталды, алайда XVI-XVIII ғасырларда Тәуекел хан мен Есім хан Ташкентті Қазақ хандығының құрамына енгізді. Тіпті, 1720-1739 жылдары Ұлы Жүздің орталығы Ташкентті Жолбарыс хан, ал одан кейін Төле би билегені тарихи факт. Алайда, тарихшы И.Ерофеева зерттеулерінде XVIII ғасырда Сайрам, Иқан, Түркістан өлкесінде өзбектердің көп шоғырланбағанын дәлелдеп, бұл аймақта тек Қоңырат, Арғын, Найман руларының ғана өмір сүргенін көрсетеді [4, 76-80 б.]

Өзбек қауымдарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына сырттан көшіп келуі XIX ғасырдың басынан бастап, Қоқан хандығының үстемдігі кезінде айқын көрініс тапты. Қоқан билеушілері Ташкент, Шымкент, Сайрамды жаулап алып, осы аймақтарға салық жинаушы әскерлер және саудагерлер ретінде өзбек отбасыларын орналастырды. Бұған Тухташ Мамаевтың зерттеуі дәлел: ол Түркістан ауданындағы Иқан, Қарабұлақ, Қарамұрт өзбектерінің Самархан, Хорезмнен көшіп келгендігін растайды. Бұл уақытты археолог М. Тұяқбаев та бекітеді: Иқан төңірегіндегі өзбектердің қорымдарының XIX ғасырға тән екенін айтып, олардың осы кезеңде қоныстанғанын дәлелдейді. [3, 66 б.]

XX ғасырдың басы және кеңес дәуіріндегі көші-қон, халықтың тұрақтануы. XX ғасырдың басында және Кеңес дәуірінде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы әкімшілік шекараның тұрақталмауы және экономикалық реформалар халықтың қоныс аударуын арттырды. Атап айтқанда, 1920-1930 жылдардағы ұжымдастыру, отырықшыландыру және шаруашылық реформалары кезінде Өзбекстаннан Қазақстанға қоныс аударушылардың саны айтарлықтай өсті. Бұдан кейінгі 1940-1950 жылдардағы соғыс және еңбек көші-қоны себеп болып, өзбек халқы Қазақстанның әртүрлі аймақтарына тұрақты қоныстанды.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында өзбек халқы: демография, қоныстану аймақтары, шаруашылық ерекшеліктері.

Қазіргі таңда өзбектер - Қазақстанның ірі этностық топтарының бірі және тұрақты қалыптасқан ірі этностардың бірі. Соңғы ресми деректер бойынша елде 600 мыңнан астам өзбек тұрады. Олардың негізгі қоныстану аймақтары - тарихи тұрғыдан тығыз байланыста болған Түркістан, Шымкент және Жамбыл облыстары. Салыстырмалы дерек ретінде, Өзбекстан халқының саны 2024 жылғы 1 шілдеде 36 372 300 адамға жеткенін атап өтуге болады (Өзбекстан статистика агенттігі). Қазақстандағы өзбек қауымының басым бөлігі тарихи отырықшы мәдениеттің мұрагерлері ретінде, егіншілікпен (суармалы жерлердегі мақта, дәнді дақылдар), бау-бақша өсірумен және қолөнермен (сауда) белсенді айналысады.

Бұл зерттеуде келтірілген барлық тарихи, этнографиялық және археологиялық деректер Қазақстандағы өзбек халқының қалыптасуы туралы бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Қазақ пен өзбек этностарының тамыры ортақ болғанымен, XV-XVI ғасырлардағы саяси бөліну және Шайбани бастаған көштің Мауераннахрға кетуі этникалық айырмашылықтарды тудырды. Оңтүстік Қазақстан аумағында қалған көшпелі рулар қазақ этносына сіңісті. Тарихшы И.Ерофеева және басқа да ғалымдардың XVIII ғасырға дейінгі деректеріне сүйенсек, өзбек қауымдастығының оңтүстіктегі автохонды (жергілікті) тұрғындар екендігі туралы пікірлермен келіспейтіндігімізді көрсетеді. Өзбектердің жаппай және тұрақты қоныстануының негізгі толқыны XIX ғасырдың басынан бастап, Қоқан хандығының саяси және әскери үстемдігі кезеңінде жүрген. Бұл уақытты археологиялық деректер (М.Тұяқбаев) мен этнографиялық зерттеулер (Т.Мамаев) дәлелдейді. Қорыта келе, Қазақстандағы өзбек халқының оңтүстік өңірлеріндегі орнығуы күрделі көші-қон процестерінің, әсіресе Қоқан хандығының ықпалының нәтижесінде жүзеге асқан, ал XVIII ғасырға дейінгі кезеңде бұл аумақтың негізгі тұрғындары қазақ рулары болғандығын атап өту қажет.

Өзбектердің салт-дәстүрі

Өзбек халқының тұрмыс-салт мәдениеті ислам қағидалары мен көне түркі дәстүрлерінің тоғысуынан қалыптасқан терең рухани дүниетанымға негізделеді. Халық өмірінің әрбір кезеңі - дүниеге келген сәбиді қарсы алудан бастап, үйлену мен қонақ күтуге дейін - өзіндік рәсімдермен, ырымдармен және әдет-ғұрыптармен сабақтасып жатыр. Жаңа туған нәрестеге қатысты ғұрыптардың өзінде үлкен мән бар. Бала дүниеге келген соң 7, 9 немесе 11-күні «бесік тойы» өткізіліп, жас анаға «насипа» жасалып, ақ тілектер айтылады. Сонымен бірге сәбидің амандығын тілейтін көптеген ырымдар қалыптасқан. Ұл бала 3 пен 12 жас аралығында сүндетке отырғызылады, бұл - өзбек халқы үшін ең салтанатты әрі кең көлемде тойланатын дәстүрлі мерекелердің бірі [1, 114-115 б.]

Үйлену - өзбек халқының өміріндегі ең күрделі әрі әсем дәстүрлердің жиынтығы. Алдымен құда түсу рәсімі - фатиһа тойы өтеді, одан кейін ислам қағидалары бойынша неке қию рәсімі ұйымдастырылады. Үйлену күні таңертең екі жақ та палау пісіріп, қонақтарға ұсынады. Палау тартылған соң некелесу басталып, күйеу жігіт жақ қалыңдықтың үйіне келеді. Ақ көйлек киген қалыңдық молдалардың никох дұғасын оқуын арнайы бөлмеде күтіп отырады. Неке қиылғаннан кейін

қалыңдық күйеу жігіттің үйіне жеткізіледі. Онда оны әйелдер дәстүрлі әнмен қарсы алып, ақ жол төселіп, жаңа үйге табалдырық аттағанда әдет бойынша гүл, ақша, тәттілер шашылып, жас отбасыға бақыт пен береке тілінеді. Келесі таңертең міндетті түрде келін салом өтеді: жас келін күйеу жігіттің ата-анасына, жақындары мен қонақтарға иіліп сәлем береді, ал үлкендер оған өз сыйлықтарын ұсынады [4, 114 б.]. Өзбек халқы жерлеу рәсімдерінде ислам талаптарын қатаң сақтап, марқұмды арулап жуып, жаназа шығарып, Құран бағыштау секілді дәстүрлерді ұстанады.

Қонақжайлық - өзбек мәдениетінің тағы бір ерекше қыры. Қонақты жылы қарсы алып, оған арнайы тағам дайындап, ұзақ әңгімелесу, соңында құрметпен шығарып салу - халық болмысының ажырамас бөлігі. Артылған астың балаларға үлестірілуі молшылық пен берекенің белгісі саналады [2, 116 б.].

Өзбектердің дәстүрі қазақтармен ортақ діни және ғұрыптық элементтерді қамтиды, бірақ таңертеңгі палау, «келін салом» сияқты рәсімдер отырықшы мәдениеттен туындаған өзіндік ерекшеліктерді көрсетеді.

Өзбек халқының өнер әлемі де аса бай әрі тарихи терең. Мақам жанры, сурнай, дутар, танбур сияқты дәстүрлі аспаптар ұлттық музыкалық мәдениеттің басты қазынасы болып табылады. Сыр бойындағы «Дилшод» ансамблі бұл көне музыкалық дәстүрлерді бүгінгі күнге жеткізіп отыр. [1, 139 б] Театр өнерінде Сайрамдағы облыстық өзбек драма театры мен Түркістандағы Қарашөкпек театры халықтың рухани қажеттілігін өтеп, ұлттық сахналық дәстүрді дамытуды жалғастыруда. [1, 140 б] Өзбек фольклоры да аса бай: ләпар секілді қыз бен жігіттің айтыс-әні, дорбоздың арқан үстінде жүру өнері, сондай-ақ көрқагі (улақ) атты ат ойыны халықтық дәстүрдің басты элементтері саналады. «Алпамыс» пен «Көрұғлы» эпостары ұлттық ауыз әдебиетінің қорын толықтырып, ұрпаққа үлгі болып келеді [6, 10 б.].

Өзбек асханасы Орта Азиядағы ең танымал және өзіндік ерекшелігі бар кулинарлық мәдениеттердің бірі. Палау - бірлік пен қуаныштың символы ретінде әрбір мерекеде, тойда міндетті түрде әзірленеді. Сонымен қатар самса, манты, лағман, түрлі сорпалар мен тандыр нандары да дастарқанның сәнін келтіреді (Артықбаев, 98-бет). Дастарқанға қойылатын нан ерекше қадірленіп, шай құюдың да өзіндік әдеби сақталған: шайнектегі шайды кесеге үш рет құйып қайта қайтару - құрметтің белгісі [5, 12 б.].

Киім-кешек пен қолөнер өзбек мәдениетінің көркем келбетін айқындайды. Түстерге бай, ұлттық өрнектермен көмкерілген киімдер халықтың эстетикалық талғамын көрсетеді. Ерлер чапан, белбеу және дүппи кисе, әйелдер жібек пен атластан тігілген ұзын көйлек пен шалбар, әшекейлер тағады. Дүппи (тақия) ұлттық мәдениеттің маңызды символы ретінде ерекшеленеді, оның өрнектерінде жылан бейнесі секілді көне ырымдық белгілер де кездеседі [6, 34 б.]. Өзбектердің мәдениеті (мақам, театр, палау) қазақ халқының тұрмысы мен өнеріне әсер етіп, Қазақстанның оңтүстік мәдениетін байытады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы өзбек халқының тарихы мен мәдениеті бірнеше ғасырлық күрделі процестер арқылы қалыптасқанын байқауға болады. Олардың түп-тамыры ортақ түркі тайпаларынан бастау алғанымен, XV-XVI ғасырлардағы саяси бөліну және көшпелі тайпалардың Мауераннахрға кетуі этникалық айырмашылықтарды тудырды. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында қалыптасқан өзбек қауымдары XIX ғасырдан бастап тұрақты қоныстанып, бүгінгі күні елдің мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады.

Өзбектердің бай салт-дәстүрлері, қонақжайлығы, өнері, музыкасы, фольклоры және ұлттық тағамдары қазақ мәдениетімен үндесіп, оны толықтыра отырып, Қазақстанның көпұлтты мәдени ландшафтын байытады. Олардың өмір сүру салты, отырықшылық мәдениеті мен рухани дүниетанымы қазақ қоғамының мәдениетіне үйлесімді қосылып, елдегі этносаралық татулық пен мәдени әртүрліліктің маңызды белгісі болып саналады. Қазақстандағы өзбек халқы - тарихи сабақтастықты сақтаған, мәдени мұраларын дамытқан және қазақ қоғамының ажырамас бөлігіне айналған этникалық топ.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Артықбаев Ж.О. Қазақстандағы өзбектердің тарихы. Алматы: Жастар, 2015. - 180 б.
2. Сұлтанов Т. Қазақ хандығының тарихы. Мектеп. Алматы, 2002. - 231 б
3. Ерофеева, И. Казахские ханы и ханские династии. Алматы, 1997. - 310 б
4. Бердіқожаев, Мынжылқы. Ел боламын десең, бесігінді түзе. //«Дәстүр» журналы, Қаңтар-Ақпан, 2018. - 14 б.
5. Abai.kz «Өзбектердің саны 36 миллионнан асты». <https://abai.kz>, 01.07.2025
6. Бизақов С. Түбі бір түркілер. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. - 688 б.